

## Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2021 № 472 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 7-т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 25 ақпандағы № 848 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі туралы ереже;

2) *Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 12.07.2019 № 501 қаулысымен.*

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.07.2019 № 501 қаулысымен.*

2. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі болып;

9) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік мекемелер – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық бөлімшелері;

10) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік мекемелер;

11) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қайта аталсын.

### 3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі осы қаулыға 2-қосымшаның 1-тармағында, осы қаулыға 3-қосымшаның 1-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осы қаулыға 2-қосымшаның 4-тармағында, осы қаулыға 3-қосымшаның 2 және 3-тармақтарында көрсетілген республикалық заңды

тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

3) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті осы қаулыға 2-қосымшаның 2 және 3-тармақтарында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

4) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті осы қаулыға 3-қосымшаның 4 және 5-тармақтарында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

5) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті осы қаулыға 3-қосымшаның 6-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен оның ведомстволарына берсін;

2) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес ұйымдардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне және оның ведомстволарына берсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму, Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2021 № 472 қаулысымен.**

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі А. Мамин**

## Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2022 № 142 қаулысымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім, ақпаратқа қол жеткізу салаларындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, № 15 кіреберіс.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:

1) ақпарат;

2) ақпаратқа қол жеткізу;

3) балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау;

4) телерадио хабарларын тарату;

5) бұқаралық ақпарат құралдары;

6) діни қызмет;

7) мемлекеттік жастар және отбасы саясаты;

8) қоғамдық сананы жаңғырту;

9) қайырымдылық;

10) волонтерлік қызмет;

11) медиация;

12) ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету;

13) мемлекеттің, азаматтық қоғамның және қоғамдық кеңестердің өзара іс-қимылы;

14) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Министрлік жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде олармен келісу бойынша басқа мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

сотқа жүгіну;

өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомствоға беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

онлайн-платформаны немесе лездік хабарлар алмасу сервисін пайдаланушылардың саны туралы мәліметтерді тексеру мақсатында онлайн-платформадан немесе лездік хабар алмасу сервисінен бір тәуліктегі пайдаланушылардың саны туралы ақпаратты сұрату;

онлайн-платформа немесе лездік хабар алмасу сервисі интернетте ақпараттық ресурсты пайдаланушылардың санын айқындауға арналған бағдарламаны орнатпаған жағдайда оларды пайдаланушылардың санын өз ресурстарымен айқындау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік онлайн-платформаның немесе лездік хабар алмасу сервисінің қызметін шектеу;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Министрлікке жүктелген мақсаттар мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

Министрліктің теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

Министрлікке бөлінген бюджет қаражатын толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру;

терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу және осындай ақпаратты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға беру.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 22.07.2022 № 515 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

#### 15. Функциялары:

1) біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

4) реттелетін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды, дамытуды және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру;

7) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

8) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

9) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

10) "Тұмар" және "Үркер" ұлттық сыйлықтарын беру тәртібін, олардың ақшалай сыйақы мөлшері мен номинациясын әзірлеу және бекіту;

11) мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

12) денсаулық сақтау және жарнама саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша саламатты өмір салтын дәріптеу жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және отандық телеарналарда орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) журналистерді аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

14) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

17) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

18) телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

19) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын,



телерадио хабарларын тарату сапасына бақылау жүргізу қағидаларын, теле-, радиокөманиялардың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының желілеріне қосу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

20) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

21) есепке қою үшін өтініш берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерін және телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерін өлшеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

23) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

24) ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

25) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

26) республикалық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

27) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

28) өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін әзірлеу және бекіту;

29) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

30) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31) белгілі бір аумақта халықтың тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарламалар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

32) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

33) жас ерекшелігіне қарай жіктеудің ақпараттық өнімін беру қағидалары мен әдістемесін әзірлеу және бекіту;

- 34) жас санатының белгісіне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 35) көпарналы хабар таратуда таралуына байланысты міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындау;
- 36) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу қағидаларын және оны есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 37) міндетті теле-, радиоарналарда әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 38) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 39) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның құрамын бекіту;
- 40) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін мониторингтеу мен ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 41) ақпарат иеленушілерге ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсету;
- 42) ақпарат иеленушілермен және пайдаланушылармен ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 43) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 44) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ( бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 45) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 46) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық диалог интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 47) мемлекеттік органдардың ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректерінің бірыңғай тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 48) жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсыну;

49) Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

50) көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін әзірлеу және бекіту;

51) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

52) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

53) халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын және құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын қадағалау;

54) Министрлік жасасу туралы ұсыныс енгізген, сондай-ақ Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұрын жасалған халықаралық шарттар бойынша тұрақты негізде халықаралық шарттар мониторингін жүргізу;

55) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ Министрлік реттейтін келісімдерді, меморандумдар мен шарттарды, оның ішінде халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу;

56) өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты ұйымдардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу жөніндегі қызметіне басшылық жасау;

57) Министрлік реттейтін салаларда жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

58) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, коммерциялық емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

59) Министрлік реттейтін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

60) Министрліктің даму жоспарын бекіту;

61) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

62) мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

63) біліктілік анықтамалықтарды және басшылардың, мамандардың және Министрлік реттейтін басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, бекіту;

64) Министрліктің "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру тәртібі мен оның сипаттамасын әзірлеу және бекіту;

65) Министрліктің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

66) Министрліктің тиісті қызмет салаларында азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

67) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

68) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволардың мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

69) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

70) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

71) туристік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша діни қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған туроператорлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

72-1) діни қызмет саласындағы кәсіптік стандартты әзірлеу және бекіту;

73) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік реттейтін салада әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды әзірлеу және бекіту;

74) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

75) халықты ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөнінде қабылданатын шаралар туралы хабардар ету, мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

76) әрекеті (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін бұзуға, ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауапкершілікке тарту;

77) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78) үкіметтік емес ұйымдарға сыйлықақылар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

79) уәкілетті органның жанынан Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесін құру, оның ережесі мен құрамын әзірлеу және бекіту ;

80) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін қалыптастыру, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

81) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарын әзірлеу және бекіту;

82) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

83) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор қызметінің нәтижелері туралы оның есебінің нысанын әзірлеу және бекіту;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

84) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

84) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды әзірлеу және бекіту;

85) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

86) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87) қоғамдық медиаторды сайлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

88) қоғамдық медиаторлардың тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

88-1) медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

89) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

90) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақылар беру;

91) мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптама кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын

сараптама қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

92) Қазақстан Республикасының қоғамдық кеңестер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

93) Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

94) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

95) қоғамдық кеңес құру;

96) қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

97) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдіктің дербес құрамын айқындау;

98) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;

99) үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар беру жоспарын әзірлеу және бекіту ;

100) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында өкілдік ету;

101) қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

102) жеке қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізу;

103) қоғамдық сананы жаңғырту саласын және қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

104) тиісті аядағы (саладағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу ;

105) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу, бекіту, күшін жою, тоқтата тұру, сондай-ақ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу; 106) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестер құру;

107) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені әзірлеу және бекіту;

108) қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жобалар мен жоспарларды әзірлеу және Қазақстан

Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне бекітуге енгізу;

109) қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

110) қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы үрдістерді талдау мен болжауды жүзеге асыру;

111) қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

112) қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

113) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын үйлестіру;

114) әкімдіктер жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестер туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

115) республикалық жастар форумын өткізу тәртібін және өңірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидаларды әзірлеу және бекіту;

116) жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

117) жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

117-1) жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

117-2) жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

117-3) жастардың даму индексін ендіру мен қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

117-4) уақытша бос жүрген жастармен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тетіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;

117-5) жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

118) бейбіт жиналыстарда болатын журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) қызметінің қағидаларын, журналистің айырым белгілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

119) бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының айырым белгілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

120) "Жыл волонтері" халықаралық сыйлығын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

121) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу бойынша жедел-іздістіру қызметі субъектілерімен және байланыс саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді тоқтата тұру тәртібін айқындау;

122) ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

123) ашық бюджеттер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

124) ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

125) қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрау салуы бойынша реттеушілік саясаттың консультативтік құжатының хабардар ету тәсілінің және жария талқылаулар жүргізу тәсілінің (тәсілдерінің) толықтығы бойынша тиісті қорытындыны ұсыну;

225-1) мемлекеттік органдардың уақытша бос жүрген жастар санын азайтуға бағытталған іс-шаралар жөніндегі қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

126) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

127) Министрлік реттейтін салаларда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін болжау әдістемесін бекіту және әзірлеу;

128) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

129) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды, дамытуды және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

130) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

131) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іс-шараларын сапалы және уақтылы орындау жөніндегі нысаналы индикаторларға, көрсеткіштерге қол жеткізу жұмысты қамтамасыз ету;

132) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат және телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау тиімділігінің мониторингін жүргізу;

133) ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының жобасын келісу;



134) мерзімді баспасөз басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

135) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу, бекіту, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

136) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының еркін қолжетімді теле-, радиоарналарының таратылуын қаржылай қамтамасыз ету (цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату, сондай-ақ аналогтік телерадио хабарларын тарату арқылы) бөлігіндегі қызметін үйлестіру;

136-1) телерадио хабарларын тарату саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету;

137) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз ету;

138) теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және бұқаралық ақпарат құралдары саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындайтын нормативтік құқықтық актіні әзірлеу;

139) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

140) бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

141) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

142) мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қоюды, қайта есепке алуды жүзеге асыру;

143) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізу;

144) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;

145) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру;

146) бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабарларын тарату мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

147) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру;

148) цифрлық эфирлік хабар таратуды енгізу бөлігінде телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының қызметін үйлестіру;

149) отандық теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;

150) есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдардың тізілімін жүргізу;

151) есепке қою үшін өтініш берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізу;

152) эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспасөз басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарататын субъектілердің тізілімін жүргізу;

153) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру;

154) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы және телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының талаптарын бұзу анықталған кезде нұсқамалар беру;

154-1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның нұсқамасы бойынша интернет-ресурстарға, шетелдік онлайн-платформаларға және лездік хабарлар алмасу сервистеріне қолжетімділікті шектеу туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;

155) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда нұсқамалар мен хабарламалар жіберу;

156) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүзеге асыру;

157) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру және бекіту бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

158) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру және бекіту бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

159) телерадио хабарларын тарату мақсатында жиіліктер жолағын, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

160) Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ережесін және құрамын әзірлеу, бекіту;

161) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;

162) "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтау тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің мониторингін жүзеге асыру;

163) Қазақстан Республикасының балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы заңнамасының бұқаралық ақпарат құралдарында сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

164) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

165) "Телерадио хабарларын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

166) Министрлік реттейтін салаларда жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

167) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

168) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша саяси партиялармен, коммерциялық емес ұйымдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

169) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік құжаттарды түсіндіру және ілгерілету жөніндегі ақпараттық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

170) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

171) заңнамада белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

172) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне жаңа мемлекеттік көрсетілетін қызмет енгізілгеннен кейін оны электрондық форматта көрсетуге ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

173) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету;

174) республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;

175) ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыру;

176) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

177) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

178) мемлекеттік органдар қалыптастыратын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

179) діни қызмет, діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, қоғамдық келісім және ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу;

180) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

181) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

182) діни қызмет, қоғамдық келісім, қоғамдық институттарды дамыту және қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік әлеуеті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

183) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізу;

184) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің басшыларын тағайындауын келісу;

185) дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету;

186) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосуларда және хабарларда көтеріп отырған жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингті және анықтауды жүзеге асыру;

186-1) жолданымдарды қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

186-2) орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері аппараттарының лауазымды тұлғаларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының үлгілік регламентін әзірлеу;

187) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу;

188) өз құзыреті шегінде діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды іске асыру;

189) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарымен және басқа да үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

190) республикада конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізуді ұйымдастыру;

191) республикадағы діни қызметті, конфессияаралық келісімді зерделеу және талдау жүргізу;

192) конфессияаралық келісім мен тағаттылықты нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

193) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

194) қайырымдылық саласындағы заңнаманың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

195) Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесін құру, оның ережесін және құрамын бекіту;

196) Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттарын құзыреті шегінде имплементациялау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

197) қайырымдылық саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

198) республикалық және жергілікті деңгейлерде қоғамдық кеңестердің қызметін үйлестіруді және әдістемелік қолдап отыруды жүзеге асыру;

199) жыл сайын Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы ұлттық баяндаманы дайындауды және кейіннен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін ағымдағы жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асыру;

200) қоғамдық кеңестердің құрамын қалыптастыру жөнінде, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі сандық құрам жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;

201) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

202) волонтерлік қызмет саласындағы заңнаманың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

203) волонтерлік қызмет саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

204) мемлекеттік органдардың волонтерлік қызметті дамыту саласындағы қызметін әдістемелік сүйемелдеуді үйлестіру және ұйымдастыру;

205) медиация мәселелерін реттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша құқықтық мониторингті жүзеге асыру және ұсыныстар әзірлеу;

206) медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру;

207) өз құзыреті шегінде медиация мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

208) медиация жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету;

209) медиаторлар ұйымдары, медиацияны қолдану тетіктері, негіздері мен шарттары туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ету;

210) медиаторлар ұйымдарының тізілімін жүргізу;

211) медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыратын отставкадағы судьялардың тізілімін жүргізу;

212) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

213) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету ;

214) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

215) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

**216) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

217) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру және оны жүргізуді жүзеге асыру;

218) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізу үшін ұсынылатын мәліметтерді тексеруді жүзеге асыру;

219) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың оның қызметінің нәтижелері туралы есебін қарау;

220) Қазақстан Республикасында волонтерлік қызмет туралы ақпаратты жинақтау мен қорытуды жүзеге асыру;

221) волонтерлік қызметті қолдау және волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға қатысуға және волонтерлік акцияларды өткізуге тарту тәртібі жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

222) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

223) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл жасау;

224) қоғамдық кеңестердің қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

225) мемлекеттік жастар және отбасы саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

226) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;

227) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

228) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

229) мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы үрдістерді талдау мен болжауды жүзеге асыру;

230) білім беру және тәрбиелеу жүйесінің ұйымдарына мемлекеттік жастар саясаты саласында қажетті консультативтік көмек көрсету;

231) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

232) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

233) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру қағидаларын және оның номинацияларын әзірлеу және бекіту;

233-1) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының ақшалай сыйақы мөлшерін бекіту;

233-2) "Тәуелсіздік ұрпақтары" грантын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

233-3) "Тәуелсіздік ұрпақтары" грантының мөлшері мен санын бекіту;

234) жастардың волонтерлік қызметін дамытуға жәрдемдесу;

235) "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын дайындау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

236) Министрлік жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру және оның қызметін қамтамасыз ету;

237) үкіметтік емес ұйымдардың адамгершілік-рухани дамуға бағытталған қызметін үйлестіру және қолдау;

238) ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру және үйлестіру;

239) мүдделі мемлекеттік органдармен жастардың адамгершілік-рухани дамуы, отбасылық саясат саласында өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

240) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

241) отбасы мәселелері бойынша республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

242) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі ұлттық комиссиямен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

243) отбасылық саясат мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де субъектілердің қызметін үйлестіру;

244) отбасылық саясат саласындағы нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

245) үкіметтік емес ұйымдармен, отбасылармен жұмысты жүзеге асыратын дағдарыс орталықтарымен, олар өткізетін іс-шараларға тұрақты қатысуды қоса алғанда, өзара іс-қимыл жасау;

246) отбасы мәселелері бойынша брифингтер мен өзге де бұқаралық іс-шаралар дайындау;

247) отбасылық саясат саласындағы үрдістерді жүйелі талдау;

248) құзыреті шегінде медиацияны, қайырымдылықты дамытуға жәрдемдесу және үйлестіру;

249) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау;

250) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім жөніндегі зертханаларды құру, жаңғырту және жарақтандыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

251) белгіленген құзырет шеңберінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;



252) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындау және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізу;

253) мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету жөніндегі ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

254) диаспоралармен жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру;

255) республикада ішкі саяси тұрақтылықты, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізуді ұйымдастыру;

256) республикадағы этносаралық келісімге зерделеу және талдау жүргізу;

257) этносаралық қатынастар мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру;

258) этносаралық келісім мен төзімділікті нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

259) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

259-1) сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-2) телекоммуникациялар желілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-3) байланыс операторларына және (немесе) онлайн-платформалардың меншік иелеріне және (немесе) заңды өкілдеріне және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 41-1-бабының 1-1 және 2-тармақтарында көрсетілген нұсқаманың күшін жою және интернет-ресурсқа қол жеткізуді қайта бастау туралы тапсырма;

259-4) интернет-ресурсқа қол жеткізуді қайта бастау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-5) шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу;

259-6) шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен

өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-7) жыл сайын 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсыну;

259-8) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-9) орталық мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін Үйлестіру кеңесінің қарауына жіберу;

259-10) Үйлестіру кеңесінің мемлекеттік гранттардың бағыттары бойынша ұсынымдарын олардың құзыретіне сәйкес орталық мемлекеттік органдарға жіберу;

259-11) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-12) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 518 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

259-13) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындау;

259-14) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

259-15) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

259-16) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

259-17) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

259-18) қайырымдылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

259-19) қайырымдылық саласындағы жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

259-20) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259-21) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беру;

259-22) орталық және жергілікті атқарушы органдардың волонтерлік қызметті ұйымдастыру бөлігіндегі қызметін үйлестіру;

259-23) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақты 259-24) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).**

259-25) арнайы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;

259-25) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

259-26) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;

259-27) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

259-28) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

259-29) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;

260) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 22.07.2022 № 515 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 15.12.2022 № 1006; 13.02.2023 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2023 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2023 № 518 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.09.2023 № 762 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**3-тарау. Министрліктің бірінші басшысының, алқалы органдардың мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Министрлікке басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

Министрлік реттейтін салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

ведомстволардың өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

Министрлік жанынан сараптамалық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрады;

Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы немесе лауазымды тұлға басқарады.

#### **4-тарау. Министрліктің мүлкі**

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрлік өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.05.2022 № 325; 27.08.2022 № 618 қаулыларымен.**

"Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

"Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

"Qazcontent" акционерлік қоғамы";

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

"Қазақстандық қоғамдық даму институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазтелерадио" акционерлік қоғамы;

"Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

#### **Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереже**

*Ескерту. Ереженің күші жойылды – ҚР Үкіметінің 12.07.2019 № 501 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокорпорациясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 11, 84-құжат):

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Мемлекетаралық "Мир" телерадиокорпорациясының жұмысын үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының 1997 жылғы 5 қыркүйектегі жарғысына сәйкес Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің төрағасы енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Қазақстан Республикасының Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының жалпы жиналысындағы өкілетті өкілі болып бекітілсін.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жүктелсін."

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

реттік нөмірі 123-99-жол алып тасталсын.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігіне" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне  
375-1. "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;

375-2. "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;

375-3. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;

375-4. "Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;

375-5. "Казконтент" акционерлік қоғамы;

375-6. "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

375-7. "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

375-8. "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

375-9. "Қазақпарат" халықаралық ақпараттық агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетіне

375-10. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетіне

375-11. "Отандастар қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы 50 %".

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне

375-12. "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне" деген бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне";

375-13. "Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы;

376. "Қазтехнологиялар" акционерлік қоғамы.

376-1. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамы.

376-2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

376-3. "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің аэроғарыш комитетіне

377. "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы.

378. "Республикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамы.

379. "Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.

380. "Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы.

381. "Ғалам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі."

4. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

12-бөлім алып тасталсын;

13-бөлімде:

мына:

"

13	Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі, оған	294
----	--	-----



	ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	
	Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	60
1)	"Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" РММ	30
2)	"Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" РММ	30

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

13	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	407
	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	93
1)	"Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" РММ	30
2)	"Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" РММ	30
3)	"Орталық коммуникациялар қызметі" РММ	33

";

13-1-бөлімде:

мына:

"

13-1.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	551
	Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне ведомстволық бағыныстағы	203

	мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	
1)	Республикалық микрография ғылыми-зерттеу институты (Орал қаласы)	203

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

13-1.	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	715
	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	203
1)	Республикалық микрография ғылыми-зерттеу институты (Орал қаласы)	203

"

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2020 № 714 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. "Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарды және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 395 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 32, 202-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті осы қаулыға қосымшаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып айқындалсын."

8. "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар мен "Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды

мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" екінші санаттағы рұқсатын беретін уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 437 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 33, 228-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті "Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" екінші санаттағы рұқсатын беретін уәкілетті орган болып айқындалсын."

9. "Байланыс саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 543 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) байланыс саласындағы қызметтерді көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып айқындалсын."

10. "Экспорттық бақылау саласында рұқсат беру құжаттарын берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1083 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 542-құжат):

1-қосымшадағы 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

99.	"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнім: 1-санат бойынша өнім – "Материалдар, химикаттар, микроорганизмдер"	1-санат бойынша: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; 9-санат бойынша:
-----	--	---

	мен "уыттар"; 9-санаттағы өнім – қозғалтқыш құрылғылары, ғарыш аппараттары мен қосалқы жабдықтар; Әскери тізім бойынша өнім	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті; Әскери тізім бойынша: Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
--	---	--

"  
;

2-қосымшадағы 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.	Тізімдері, тізбелері экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерінде белгіленетін зымырандық техника, қозғалтқыштар, олардың компоненттері, зымырандық техника жасау кезінде қолданылатын жабдық, материалдар мен технологиялар	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің Көлік комитеті
----	--	--

"  
.

**11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 705 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 39 қаулысында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын беруді;"

13. "Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 137 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 19, 95-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесінде:

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

119.	"Халыққа қызмет көрсету орталықтарының	жеке және заңды тұлғалар халыққа қызмет	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс
------	--	---	--

"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Телекоммуникациялар комитетінің қайта аталатын аумақтық бөлімшелері  
республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары  
бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік  
мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай,  
Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Телекоммуникациялар комитетінің Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары  
бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік  
мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шығыс  
Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Телекоммуникациялар комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау,  
Атырау облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық  
мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің  
Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өңіраралық  
байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Түркістан,  
Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық  
даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар  
комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары  
бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік  
мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Астана қаласы және Ақмола, Қарағанды облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы және Ақмола, Қарағанды облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2019 жылғы 26 наурыздағы

№ 142 қаулысына

2-қосымша

### **Қайта аталатын мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық келісім комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық келісім комитетінің "Мәдениеттер және діндер халықаралық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің "Мәдениеттер және діндер халықаралық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық

мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысына  
3-қосымша

### **Қайта аталатын мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Мемлекеттік радиожилік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожилік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Инфракос" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Инфракос" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Ғарыш-Экология" ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Ғарыш-Экология" ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысына  
4-қосымша

**Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен оның ведомстволарына берілетін заңды тұлғалардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.06.2019 № 414; 27.08.2019 № 631; 12.09.2019 № 687; 23.05.2022 № 325 қаулыларымен.**

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:
  - "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;
  - "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;
  - "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;
  - "Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;
  - "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
  - "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
  - "Qazcontent" акционерлік қоғамы";
  - "Қазтелерадио" акционерлік қоғамы.
2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетіне:
  - "Отандастар қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне:
  - "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетіне:
  - "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 142 қаулысына  
5-қосымша



**Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен оның ведомстволарына берілетін заңды тұлғалардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:

Акционерлік қоғамдар:

"Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазтехнологиялар" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетіне:

Акционерлік қоғамдар:

"Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы;

"Республикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

"Ғалам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 26 наурыздағы

№ 142 қаулысына

6-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. 1-тармағын, 2-тармағының 2) тармақшасын және 3-тармағын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 36, 209-құжат).

2. 1-тармағын, 2-тармағының 2) тармақшасын және 3-тармағын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің

кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 58, 373-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 16-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 58).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарды және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы" 2015 жылғы 1 маусымдағы № 395 және "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 724 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 59-60).

5. "Қазақпарат" халықаралық ақпарат агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысу үлесін сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 826 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 64, 423-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Eurasian Resources Group S.a.r.l." компаниясының кейбір мәселелері туралы" 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 1411 және "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 62 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 және "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 223 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 16, 110-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 237 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 17, 118-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 350 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 29 және 31-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 21, 170-құжат).

10. "Мемлекеттік техникалық қызметтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 457 қаулысының 5-тармағы.

11. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 қарашадағы № 773 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 62-63, 377-құжат).

12. "Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 79 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 9-10, 40-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 17-18, 98-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 320 қаулысы.

15. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 405 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 36-37-38, 207-құжат).

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 420 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 36-37-38, 212-құжат).

17. 1-тармағын, 2-тармағын және 3-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, "Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 шілдедегі № 444 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 42, 229-құжат).

18. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 549 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 53-54, 279-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 641 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 59, 309-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 642 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 59, 310-құжат).